

## Маңғыстау облысының мәдениет және білім беру ұйымдарына атау беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 8 қазандағы № 740 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Маңғыстау облысының мынадай мәдениет және білім беру ұйымдарына:

1) Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының "Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына Әбіш Кекілбайұлының есімі;

2) "Ақтау қаласының әкімдігі, Ақтау қалалық білім бөлімінің "№ 29 жалпы білім беру орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Фариза Оңғарсынованың есімі берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*